

Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы бойынша тренерлерді оқыту

Педагогикалық шеберлік орталығы

**Қаңтар 2015**

**1-сабақ**

# **Lesson Study: Тәжірибені дамыту құралы**

Lesson study дегеніміз не?

# Lesson study бізге Жапониядан келді



4АҚШ-қа бұл әдістемені «jogyokenkyu» деген жапон сөзін «Lesson Study» деп аударған Макото Йошида әкелді

Yoshida, M (1999) 'Beyond reform: Japan's approach to improvement of classroom teaching' [Мектептегі оқытуды жеті жапондық тәсіл] in Stigler and Hiebert (eds) *The Teaching Gap*





- 4 «Lesson Study» өз бастауын батыс білім философиясынан алады, оның ортасында бала тұрады.
- 4 Жапон мектептерінде «Lesson Study-дің» таралуы 1910-1960 жылдары Жапониядағы демократияландырумен сәйкес келді.
- 4 1970 жылдардан бастап «Lesson Study» барлық жапон мектептерінде мұғалімдердің біліктілігін арттырудың негізгі тұғыры болып есептеле бастады.

XXI ғасырда американдық зерттеушілер :

- 4 «Lesson Study» жапон мұғалімдеріне педагогикалық білімімен қатар, өздерінің пәндік білімдерін де тереңдетуге көмектескенін;
  - 4 пәндік білімнің тереңдеуі жапондық оқушылардың, американдықтармен салыстырғанда, білім көрсеткіштерін жақсартуға ықпал еткенін (Stigler and Hiebert, 1999; TIMSS, 1999) білгеннен кейін,
- «Lesson Study» әдістемесі Батыста да кеңінен таралды.

## Lesson Study қазіргі кезде:

- 4 Сингапурда
- 4 Гонконгте
- 4 Қытайда
- 4 Ұлыбританияда
- 4 Швецияда
- 4 Канадада
- 4 Қазақстанда қолданылады



# Деңгейлі бағдарламадағы Lesson Study

Үшінші деңгей бағдарламасында мұғалімдер Lesson Study-мен танысады.

Екінші деңгей бағдарламасында мұғалімдер lesson Study-ді:

- 4Тәлімгерлік үдерісінің бір бөлімі ретінде;
- 4Коучинг жаттығуы ретінде;
- 4Коучинг сабақтарының әсері болғандығының дәлелін табу үшін қолданады.

Бірінші деңгей бағдарламасында мұғалімдер Lesson Study-ді

- 4Өздері әзірлеген Мектептің даму жоспарын іске асыруда мақсатқа жету құралы ретінде қолданады.

# Топтық жұмыс: таныстырылым

4-6 адамнан тұратын топта жұмыс істеу

«Lesson Study бойынша еңбек жолын жаңа бастағандарға арналған нұсқаулық»

Бұл плакат немесе екі парақтық буклет болуы мүмкін.

Мынадай мәселелерді қамту қажет:

- 4 Lesson Study дегеніміз не?
- 4 Оны не үшін жүргізеді?
- 4 Оны өткізу кезеңдері қандай?

Орындауға 20 минут беріледі.



# Lesson study-дің негізгі белгілері

- 4 Lesson Study-ді бірлесіп жоспарлау.
- 4 Үш деңгей бойынша таңдалған оқушыларға арнап оқу нәтижелерін белгілеу.
- 4 Сабақты бір мұғалім беріп, қалғандары қадағалайды.
- 4 Сабақ үшін топ болып жауап бергендіктен, жеке мұғалімдерді сынауға жол берілмейді.
- 4 Қадағалаушылар әр деңгей бойынша бір оқушыны назарға алады.
- 4 Сабақтан кейінгі талқылау барысында оқыту емес, барлық деңгейдегі оқушылардың тиімділікпен білім алуы назарға алынады.
- 4 Сабақты жетілдіру мақсатында бірлесіп қайта жоспарлау
- 4 Жаңа сабақты басқа мұғалім жүргізіп, басқалары бақылайды

**2-сабақ**

**Lesson Study-ді өткізуде болашақ  
мұғалімдерге қолдау көрсету**

# Оқуды назарға алу

Мұғалімдерге төмендегі тәсілдермен оқытуды емес, оқуды назарға алуға көмек көрсетіледі:



- 4 Үш деңгей бойынша таңдалған оқушыларға арнап оқу нәтижелерін белгілеу;
- 4 Оқу мақсатына жету үшін үш оқушыға қалай қолдау көрсетілгенін қадағалау;
- 4 Сабақты талдаған кезде үш оқушының оқуын назарға алу.

Осылайша оқуды назарға алу мұғалімдерге оқушылардың оқуын тереңдетуді көздей отырып, өз тәжірибесін дамытуға көмектеседі.

# 3-сабақ

## Кәсіби әңгіме

Кәсіби әңгімедегі  
"Әрі-бері" тәсілі



# Кері байланыс және бастапқы байланыс

Бұл екі терминмен не айтқымыз келетіні туралы не ойлайсыз?

Кері байланыс мұғалімдерге өзінің өткен сабағы туралы ойлануға көмектеседі



Бастапқы байланыс оларға алдағы сабағы туралы ойлануға көмектеседі



# Кәсіби әңгіме арқылы болашақ мұғалімдерге қалай қолдау көрсетесіз?

4 Тыңдау



4 Сұрақ қою



Болашақ мұғалімдерге жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерді әзірлеуге көмектесуде қандай проблемалар мен қандай мүмкіндіктер бар?